

Е.С.Оңалбеков<sup>1</sup>, А.К.Суиндикова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Аннотация*

Мақалада қазіргі қоғамның жедел дамуына байланысты адамзат баласының жеке тұлға болып қалыпасу мәселесі қарастырылған. Осы мәселе аясындағы зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалған. Соның ішінде бірнеше ғалымдардың ой-пікірлері, анықтамалары келтірілген. Жеке тұлға болып қалыптасудың маңыздылығы мен оның басты белгілері, атап айтқанда саналығы, жауапкершілігі, бостандығы мен қадір-қасиеті және даралығы жөнінде айтылған. Мақаланың негізгі бөлімінде жеке тұлға болып қалыптасудың бірден-бір жолы тәрбие барысы, соның ішінде өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі екендігі айқындалған. Әсіресе өзін-өзі жетілдірудің өзін-өзі тәрбиелеумен сабақтастығы сипатталып, бірқатар зерттеушілердің өзін-өзі тәрбиелеуге берілген анықтамалары келтірілген. Сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу тұлғалық қасиеттердің идеалды бейнесіне жетудегі адам әрекеті екендігі қарастырылған. Соңғы бөлімде жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту әдістері ретінде өзін-өзі тәрбиелеу әдістері көрсетіліп, олардың бірізділік логикасына сәйкес жүзеге асатындығы туралы айтылған. Соған сәйкес әрбір әдістің өзін-өзі тәрбиелеу жоспарындағы кезеңі мен өзіндік рөлі сипатталған.

*Түйін сөздер:* жеке тұлға, тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу, қасиеттер, әдістер.

Е.С. Onalbekov<sup>1</sup>, А.К. Suindikova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE PLACE OF SELF-UPBRINGING IN THE FORMATION OF PERSONALITY

*Abstract.*

The article deals with the problem of the formation of the human personality in connection with the accelerated development of modern society. An overview of the researchers' work on this problem is given. This includes the arguments and definitions of several scientists. The author emphasizes the importance of personal development and its main features, namely: consciousness, responsibility, freedom and dignity, and individuality. In the main part of the article, it is determined that the only way to become a person is the process of education, including the process of self-education. In particular, it describes the continuity of self-improvement with self-education, provides definitions of a number of researchers, data for self-education. It is also provided that self-education is the activity of a person in achieving the ideal image of a person. The last section reflects the methods of self-education as methods of developing personal qualities and says that they are implemented in accordance with the logic of sequence. Accordingly, the stages and role of each method in terms of self-education are described.

*Key words:* personality, upbringing, self- upbringing, qualities, methods.

Е.С. Оналбеков<sup>1</sup>, А.К. Суиндикова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

## МЕСТО САМОВОСПИТАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ

*Аннотация*

В статье рассматривается проблема становления человеческой личности в связи с ускоренным развитием современного общества. Дан обзор работ исследователей в рамках данной проблемы. В том числе приводятся рассуждения, определения нескольких ученых. Подчеркивается важность

становления личности и ее главные черты, а именно: сознательность, ответственность, свобода и достоинство и индивидуальность. В основной части статьи определено, что единственным способом становления личности является процесс воспитания, в том числе процесс самовоспитания. В частности, описывается преемственность самосовершенствования с самовоспитанием, приводятся определения ряда исследователей, данные для самовоспитания. Также предусмотрено, что самовоспитание-это деятельность человека в достижении идеального образа личности. В последнем разделе отражены методы самоовоспитания как методы развития личностных качеств и сказано, что они реализуются в соответствии с логикой последовательности. Соответственно, описываются этапы и роль каждого метода в плане самовоспитания.

**Ключевые слова:** личность, воспитание, самовоспитание, свойства, методы.

### Кіріспе

Қазіргі таңда қоғамның жаһандануы, түрлі техника мен технологиялардың дамуы, алпауыт өндіріс орындары мен зауыт-фирмалардың, холдингтердің пайда болуы адам баласының лезде дамып, жан-жақты жетілуіне үлкен талап қойып отыр. Осы тұста әсіресе білім беру барысында жеке тұлғаны жетілдіру аса маңызды.

Жеке тұлға деп белгілі бір әлеуметтік қоғамның өкілі болатын, белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын мойындайтын және өзінің дара ерекшеліктері бар нақты адам. Тұлға теориясының негізін қалаушы- Зигмунд Фрейд. Фрейдтің пікірінше, адам-бейсаналықтың қоғамның моральдық нормаларымен күресіне негізделген бейсаналық жетектердің жиынтығы. Бұл теория адамның ішкі әлемінің интегративтілігін, тәрбие мен баланың қалыптасуының маңыздылығын көрсетуге тырысады. Бұл бағыттың ізбасарлары- К. Юнг, А.Адлер, К. Хорни.

Кез келген адам баласы жеке тұлға болып саналмайды, тек өзін-өзі жетілдіру арқылы, түрлі білім көздерімен нәрленуі арқылы, саналы түрде өз іс әрекетіне жауап беріп, қоғамда өз орнын таба алғанда ғана ол тұлға болып табылады. Скиннердің пікірінше, тұлға-бұл мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы, адам өмір бойы алған тәжірибесі. Оның мінез-құлқы “детерминистік, болжамды және қоршаған орта бақылауында”[1]. Айта кету керек, ғалым адамның өзін, оның ішкі даралығын ескермеді, мінез-құлықты физиологиялық және психологиялық анықтаудың мүмкін еместігі туралы мәлімдеді.

А.Н.Леонтьевтің пікірі бойынша, тұлға — бұл адам өмірінің қоғамда туылуының ерекше түрінің психологиялық тұрғыда құрылуы. Леонтьевтің ойын жалғастыра отырып, Л. П.Красавин тұлғаны “қоғамға кіру және осы қоғамның мәселелерін шешу бойынша жұмысты қабылдау нәтижесінде пайда болатын адамның ерекше, жүйелі сапасы” деп сипаттайды[2]. Ал В.Н. Мясичевтің пікірі бойынша, тұлға — тек адамға тән толық психикалық құрылымның жоғары шартталған қоғамдық-тарихи ретінде және оның психикалық іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын саналы тұрғыда реттеуші ретінде анықталады. Сонымен қатар тұлғаның өзегін — өз-өзіне және сыртқы әлемге байланысты қатынас жүйесі құрайды деп қарастырған.

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы мен қадір – қасиеті, даралығы болып табылады. Жеке тұлға болып қалыптасу өте күрделі, әрі ұзақ үрдіс. Дегенімен бұл үрдістің ең тиімді жолы ол адам баласының өзін-өзі жетілдіруі болып табылады. Әсіресе өзін-өзі жетілдірудің өзін-өзі тәрбиелеумен сабақтастығы аса маңызды. Адам баласы бойына түрлі қадір-қасиеттерді сіңіру үшін, әрдайым жетіліп, дамуы үшін бірінші кезекте өзін-өзі басқара отырып, өз-өзіне есеп беру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуі қажет. Осы тұста психолог Л.И.Божович “Жеке тұлғаның дүниетанымы біршама кешігіңкірек келетін құбылыс, ол адамның балалық шағында пайда болады, оның қалыптасуының негізі тәрбие” деген болатын. Тәрбие адамның өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы мен мақсатты түрде іске асырылатын іс-әрекетінсіз өз нәтижесін бере алмайды. Сондықтан өзін-өзі тәрбиелеу тәрбие барысының аса маңызды бөлімі.

Жалпы алғанда, өзін-өзі тәрбиелеу – қалыптасқан идеалдар мен сенімдерге мойындалып, қойылған мақсаттарға сәйкес желілік өзгеріске бағытталған адам әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеу адамның даму кезеңін, санасын анықтайды, өз қылықтары мен өзгелердің қылықтарын салыстыра отырып қорытынды шығара алатындығын болжайды. Адамның өзінің потенциалды мүмкіндігіне қатынасы, өзінің кемшіліктерін көре білуі адамның есейгендігін көрсетеді және өзін-өзі тәрбиелеу орталығының дәнекері болады. Өзін-өзі тәрбиелеу барысында жеке тұлғалық қасиеттер анағұрлым кең ауқымда дамиды. Өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды ерекшеліктері А. Ю. Белогуровтың, Е. В. Бондаревскаяның, А. П. Тряпицынаның, Л. В. Мардахаевтың және т. б. еңбектерінде қарастырылады.

Өзін-өзі тәрбиелеу - белгілі бір әлеуметтік шартталған идеалға сәйкес адамгершілік, физикалық, эстетикалық қасиеттерді, мінез-құлық әдеттерін дамытуға немесе жетілдіруге бағытталған адамның жүйелі қызметі. Н.А. Березовин, өзін-өзі тәрбиелеу - бұл адамның өзін мүмкіндігінше тұлға ретінде жүзеге асыруға бағытталған саналы қызметі. Өзін-өзі реттеу механизмдерін іске қосу негізінде ол нақты қабылданған мақсаттардың, идеалдардың және жеке мағыналардың болуын болжайды[3]. Ал белгілі педагог А.И.Кочетов өзін-өзі тәрбиелеуді келесідей анықтайды: "... бұл адамның қызметі мен арнайы жаттығулары, тренингтері барысында өзінің күші мен қабілетін мақсатты, алдын-ала жоспарлап дамытуы. Адамда бар нәрсенің барлығы: оның ақыл-ойы, таланты, дене күші, еркі - осының бәрі бейімделудің, еліктеудің және өзін-өзі тәрбиелеудің нәтижесі, яғни әрқайсысының өзінің ақыл-ой және физикалық дамуына қатысудың әртүрлі формаларының салдары"[4].

Психологтар өзін-өзі тәрбиелеу тұлғаны дамытудың ең жоғары процесі деп санайды. Белгілі психолог А. Маслоу өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін өзін-өзі сезінуге, өзі армандаған адам кейіпінде болуға, көздегенін істеуге деген ұмтылыс деп анықтайды. Бұл қажеттілік іске асырмаған жағдайда, ол қанағаттанбаушылық пен мазасыздық күйіне енетінін атап өткен[5].

Қоғамда өз орнын тауып, өзге қоғам мүшелерімен ізгі қатынастарда болу адам баласының ең үлкен жетістігі. Осы арқылы ол өзінің ішкі және сыртқы қалауларына кедергісіз жетіп, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан тәуелсіз болмақ. Яғни, тұлғаның өзінің өмірлік бағыттарын саралауы оның ішкі дүниесіне өзінің үңіліп, болашаққа берік сеніммен, биік адамгершілік тұрғыдан дайындалуына негіз болады. Бұл тұрғыда Ә.Мұқанбетжанова "... тұлға өз-өзімен күресте болады, өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау үрдісінде туады, тәрбие және оқыту тұлғаның тұрақтану жолына бағытталады, сол жолда жеңіске жету үшін көмек береді..." – деп келтіреді.

Тұлғаның қалыптасуындағы орталық бөлім болып — адамның мотивациялық аймағының, яғни оның талаптарының, тілектерінің, ұмтылыстарының және ниеттерінің дамуы саналады. Қажеттіліктер қанағаттанылуы керек, ал бұл оларды қанағаттандыратын амалдарды іздеуге және табуға бағытталған әдістер мен құралдардың пайда болуын және оларды жетілдіруді қажет етеді. Осы тұста өзін-өзі тәрбиелеудің әдістерін қолдану аса маңызды, әрі өте тиімді болып табылады.

Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері дегеніміз - тәрбиеленушінің өзіне қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру, дамыту және теріс жақтарын жою мақсатында өзіне-өзі әсер ету әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері бірізділік логикасына сәйкес жүзеге асады:

- өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттары мен бағыттарын анықтауға негізделген: өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау;
- өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын құру кезеңі: өзіндік міндеттеме, өзін-өзі ынталандыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын іске асыру кезеңі: өзін-өзі оқыту, өзін-өзі сендіру, өзін-өзі мәжбүрлеу, өзін-өзі мадақтау;
- өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмысты қорытындылау кезеңі: өз-өзіне есеп беру.

#### 1. Өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттары мен бағыттарын анықтау.

Өзін-өзі тәрбиелеу процесі өзін-өзі танудан басталады. Өзін-өзі тану - бұл адамның өз қасиеттерін, құндылықтар жүйесін, өмірлік мақсаттарын, жетекші мотивтерін анықтауға, өз мінезін, темпераментін, таным процестерінің ерекшеліктерін білуге, сол арқылы белгілі бір қызметте қандай жетістікке жете алатындығын анықтауға көмек береді.

Өзін-өзі бақылау өзін-өзі тәрбиелеу әдісі ретінде тәрбиеленушінің кез-келген іс-әрекетін басқара алу қабілеті негізінде дамиды. Өзін-өзі бақылау көбінесе өзін-өзі тексеру процесінде жүзеге асырылады.

Өзін-өзі тексеру дегеніміз - адамның өзінің белгілі бір қасиетін тексеруге жасалған жағдай. Өзін-өзі тексеруді тұлға өзі жасай алады.

Өзін-өзі талдау - бұл мінез-құлық фактілерін, оларды идеалмен сәйкестендіре отырып, сыни тұрғыдан бағалау. Өзін-өзі талдауға идеалды анықтау көмектеседі. Мектеп жасында нақты адамдар идеал бола алады - ата-ана, мұғалім; үлкен жастағы - кино жұлдыздары, әншілер, жолдастар.

Өзін-өзі бағалау - адамның өзін, оның мүмкіндіктерін, қасиеттерін, басқа адамдар арасындағы орнын бағалау қабілеті, сонымен қатар өзін-өзі тану нәтижесін бекіту ретінде қарастырылады.

#### 2. Өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын құру кезеңі.

Өзіндік міндеттеме (өзін-өзі бағдарламалау) дегеніміз - белгілі бір қасиеттер туралы, олардың қалыптасу дәрежесі және оларды иемденуге бағытталған нақты әрекеттер жүйесі туралы идеяны қамтитын өз бетімен жұмыс жасау жоспары.

Өзін-өзі ынталандыру - бұл өзін-өзі сынау, уақытында анықталған нақты мақсаттардың болуы.

3. Өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын іске асыру кезеңі.

Өзін-өзі оқыту - адам белгілі бір жағдайда өзінің іс-әрекетін болжайды.

Өзін-өзі сендіру - аргументтер мен қарсы аргументтерді қарастыру, өзін-өзі талқылау, өзін-өзі ақтау, тізбек құру.

Өзін-өзі мәжбүрлеу. Оның негізгі әдісі: өздігінен тапсырыс беру - қатал, нақты шешім; белгілі бір ерікті күштердің болуы мен қолданылуын, өзіне деген сенімділікті болжайды.

Өзін-өзі мадақтау - жұмсақ түрі; кейде адам өзін-өзі көтермелеу тәсілдерін қолданады: күнделікке жазба, өзін-өзі мақтау.

4. Өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмысты қорытындылау кезеңі.

Өзіндік есеп - өзін-өзі бақылаудың тиімділігін арттырады. Өзін-өзі тәрбиелеу бойынша практикалық іс-әрекет процесінде адам өзінің іс-әрекетін біледі, түзетулер енгізеді, мінез-құлықты дұрыс бағытта тұрақтандырады.

Жоғарыда көрсетілген бірқатар өзін-өзі тәрбиелеу әдістері жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, дұрыс бағытта жетіліп, өз бойына қажетті қасиеттерді сіңіруге алып келеді.

#### **Қорытынды**

Жеке тұлға болып қалыптасу әрбір саналы адамның өмірлік мақсаты іспеттес және аса маңызды үрдіс. Тұлға болып қалыптасу барысында адам баласы өзіне, өзінің өмірлік мақсат-мүддесіне аса қажетті игіліктерді, қасиеттерді ала алады. Сол арқылы әлеуметтік ортада өзіне тиесілі орынды тауып, өзге қоғам мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста болады. Ал мұның барлығы тікелей тәрбие процесінің жемісі. Соның ішінде өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі тәрбиенің діңгегі, бастау көзі болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу кезінде тұлға өзінің бойындағы жақсы жақтарымен қатар өз кемшіліктерін ажыратып, өзіне қажетті қасиеттерін одан әрі дамытып, керісінше теріс тұстарын жоя алады. Сондықтан өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі жеке тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөлді атқарады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. X`ell P., Zigler D. *Teorii lichnosti*. - 3-e izd. - SPb.: Piter, 2008. – 607 s
2. Baranov V. E., *Filosofiya lichnosti L. P. Karsavina // Izvestiya RGPU im. A.I. Gercena*. 2008. №56. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/filosofiya-lichnosti-l-pkarsavina> (data obrashheniya: 15.04.2019).
3. Berezovin N.A. *Osnovy` psixologii i pedagogiki: ucheb. posobie / N.A. Berezovin*. – Mn.: Novoe znanie, 2004.
4. Kochetov A.I. *Kak zanimat`sya samovospitaniem*. – Minsk: Vy`sh. shk., 1985. – 256 s.
5. Vy`gotskij L.S. *Psixologiya*. – M.: E`KSMO-Press, 2000